



ЕҚЫҰ

Еуропадағы қауіпсіздік және
ынтымақтастық жөніндегі ұйымы
Нұр-Сұлтандағы Бағдарламалар офисі



АҚПАРАТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҚАТЫСТЫ
ЗАҢДЫ НОРМАТИВТІК АКТІЛЕРДІҢ
ҚҰҚЫҚТЫҚ АНАЛИЗИ



ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕДИА ОРТАЛЫҚ – масс-медиа, журналистерді құқықтық қорғау және оқыту саласында 2003 жылдан бері жұмыс істейтін қазақстандық үкіметтік емес ұйым.

Біздің миссиямыз:

Журналистерді кешенді оқыту және медиа қауымдастықтың мүдделерін алға жылжыту арқылы Қазақстанда сапалы және кәсіби баспасөзді дамыту.

Біз немен айналысамыз?

- Журналистерді, студенттерді, заңгерлерді кешенді оқыту: құқықтық кеңестер, сотта өкілдік ету, тақырыптық семинар-тренингтер, тағылымдамалар, курстар мен шеберлік сабақтар ұйымдастыру
- Сөз бостандығы және адам құқығын қорғаудың халықаралық стандарттарын алға жылжыту
- Медиа зерттеулер жүргізу
- ҰЕҰ, БАҚ және мемлекеттік органдар арасында тиімді ынтымақтастық орнату: диалогтық алаңдар ұйымдастыру, қоғамдық тыңдаулар өткізу
- ҰЕҰ ұйымдастыру әлеуетін күшейту (оқыту шаралары, кеңес беру, қолдау)
- Баспа және электронды БАҚ мониторингі
- Ақпараттық заңнама дайындауға қатысу

«ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕДИА ОРТАЛЫҚ» ҚҚ

Байланыс:

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Отырар, 15, 504-кеңсе

Тел./факс: 8 (7172) – 42-44-32

mediastana@gmail.com

www.lmc.kz

<http://www.facebook.com/lmc.kz/>

https://instagram.com/legal_media_center

Сараптаманы «Құқықтық медиа орталық» ҚҚ Нұр-Сұлтандағы ЕҚЫҰ Бағдарламалар кеңсесінің қолдауымен әзірледі. Бұл сараптамадағы пікірлер мен ұсыныстар міндетті түрде Нұр-Сұлтандағы ЕҚЫҰ Бағдарламалар кеңсесінің көзқарасын білдірмейді және білім беру мақсатында әзірленген.

МАЗМҰНЫ

- 4 КІРІСПЕ
- 5 ТАРАТЫЛУЫ ШЕКТЕЛГЕН ҚЫЗМЕТТІК АҚПАРАТТЫ
ЗАҢ ТҰРҒЫСЫНАН РЕТТЕУ
- 7 ТАРАТЫЛУЫ ШЕКТЕЛГЕН ҚЫЗМЕТТІК АҚПАРАТТЫ
ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ
- 11 АҚПАРАТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ ҚҰҚЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ
БОЙЫНША СОТ ТӘЖІРИБЕСІ
- 17 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІ
- 29 ҚОРЫТЫНДЫЛАР ЖӘНЕ ҰСЫНЫСТАР



КІРІСПЕ

Сөз бостандығы мен ақпаратқа қол жеткізу қоғамның демократиялық дамуының қажетті шарттары болып саналады. Тиімді мемлекеттік басқару, инвестициялық климатты жақсарту, азаматтық қоғамды күшейту, сыбайлас жемқорлықпен күрес – мұның барлығы ақпаратқа қол жеткізу саласындағы сапалы заңнама және тәжірибесіз мүмкін болмайды.

Бұл сараптама Қазақстандағы ақпарат саласындағы, әсіресе, құқықтық база саласындағы жағдаймен танысуға мүмкіндік береді. Құжатта «қызметтік қолдануға» сатысына жатқызылған ақпаратты реттеуге акцент жасалған.

Сараптама ақпаратқа қол жеткізу саласындағы заңнама және құқық қолдану тәжірибесін өзгерту және жақсартуға негіздеме болады деп сенеміз.

ТАРАТЫЛУЫ ШЕКТЕЛГЕН ҚЫЗМЕТТІК АҚПАРАТТЫ ЗАҢДЫ ТҰРҒЫДА РЕТТЕУ

2015 жылдың 16 қарашасындағы № 401-V ҚР «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңының 1 бабы 2) тармағына сәйкес, «ақпаратқа қол жеткізу дегеніміз – мемлекет кепілдік берген, Қазақстан Республикасының Конституциясында және заңдарында бекітілген, ақпаратты заңмен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен әркімнің еркін алу және тарату құқығы»¹.

ҚР Конституциясының нормасы (39 баптың 2 тармағы) ҚР «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңының 5 бабында көрініс табады. Оған сәйкес, «ақпаратқа қол жеткізу құқығы тек заңдармен және конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатында қажетті шамада ғана шектелуі мүмкін».

Осылайша Конституция (39 бабының 2 тармағы) мен ҚР «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңы бекіткен ереже мұндай шектеулердің заң деңгейінде бекітілгенін білдіреді.

ҚР «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңының 9 бабының 1 тармағы 3) тармақшасына сәйкес, ақпарат иеленушінің «Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және негіздер бойынша ақпарат беруден бас тартуға құқығы бар».

ҚР «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңының 11 бабының 16 тармағы 3) тармақшасына сәйкес, егер сұралатын ақпарат қол жеткізу шектелген ақпаратқа жатқызылса, ақпаратқа қол жеткізуден бас тартылады.

ҚР «Әкімшілік процедуралар туралы» 2000 жылдың 27 қарашасындағы №107 заңының 1 бабы 1-1 тармақшасына сәйкес, «қызметтік ақпарат деп меншік иесі, иеленушісі немесе пайдаланушысы мемлекет болып табылатын, мемлекеттік функцияларды орындау кезінде жасалатын, өңделетін және берілетін ақпарат түсініледі»².

¹ ҚР «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңы 16 қараша 2015 жыл № 401-V ЗРК <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000401>

² ҚР «Әкімшілік процедуралар туралы» Заңы 27 қараша 2000 жыл № 107 http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z000000107_

ҚР «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заңының 13 бабы 4 тармағына сәйкес, Ақпараттық рәсімдер таратылуы шектелген қызметтік ақпараттың және мемлекет мүдделерімен байланысты өзге де ақпараттың жария болуына жол бермеуге тиіс.

Таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа «Қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгі қойылады.

Мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Мемлекеттік қызметшілерге қызметтік ақпарат өздеріне жүктелген қызметтік міндеттерді орындау үшін ғана беріледі. Бұл ақпарат қызметтен тыс мақсаттарда пайдаланылмайды.

Айта кету керек, ҚР «Әкімшілік процедуралар туралы» 2000 жылдың 27 қарашасындағы №107 заңы 2021 жылдың 1 шілдесінен бастап 2020 жылы 29 маусымдағы №350-VI ҚР Әкімшілік рәсімдік-процессуалдық кодексі қабылдануына байланысты күшін жояды³.

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процессуалдық кодексінің 45 бабы 4 тармағына сәйкес, ақпараттық рәсімдер мемлекеттік құпияларды, таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты және заңмен қорғалатын өзге де ақпаратты құрайтын мәліметтердің жария болуына жол бермеуге тиіс және барлау, қарсы барлау, жедел-іздістіру қызметтерімен және күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі күзет іс-шараларымен байланысты ақпаратқа қол жеткізуді шектеуді қамтамасыз етуге тиіс.

Таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа «Қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгі қойылады.

Мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Мемлекеттік қызметшілерге қызметтік ақпарат өздеріне жүктелген қызметтік міндеттерді орындау үшін ғана беріледі. Бұл ақпарат қызметтен тыс мақсаттарда пайдаланылмайды.

³ ҚР Әкімшілік процедуралық-процестік кодекс 29 маусым 2020 жыл № 350-VI
<http://adilet.zan.kz/rus/docs/K2000000350>

Көріп отырғанымыздай, заң шығарушы мәліметті таратылуы шектеулі қызметтік ақпаратқа жатқызу тәртібін реттемеген, бұл мәселені ҚР Үкіметіне бұрып жіберген.

Мұндай заңдық техника әдісі қолданыстағы ҚР «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заңында да, сонымен бірге, 2021 жылдың 1 шілдесінде қолданысқа енетін Әкімшілік процедуралық-процестік кодексте қолданыс тапқан.

ТАРАЛУЫ ШЕКТЕУЛІ ҚЫЗМЕТТІК АҚПАРАТТЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1196 қаулысымен Қаулысымен «Мәліметтерді таралуы шектеулі қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс ережелері» бекітілген болатын. Аталған құжат мәліметтерді таралуы шектеулі қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс тәртібін түрі және/немесе ақпарат тасығышқа қарамастан реттейді ⁴.

Аталған ережелердің 7 тармағына сәйкес, таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты қамтитын құжаттарға, істерге және басылымдарға «Қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгі (бұдан әрі – «ҚБПУ» деген белгі) қойылады.

Мәліметтерді таратылуы шектелген ақпаратқа жатқызуды орындаушы немесе құжатқа қол қойған тұлға мемлекеттік органда әзірленген қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтер тізбесінің (бұдан әрі – мәліметтер тізбесі) негізінде жүргізеді.

Мәліметтер тізбесі (оған толықтырулар мен өзгерістер) мемлекеттік орган басысының бұйрығымен бекітіледі.

Мәліметтер тізбесін әзірлеу мынадай өлшемшарттар негізінде жүзеге асырылады:

1. құпиялылық режимін ұйымдастыруға және қамтамасыз етуге, сондай-ақ оның сақталуын бақылауға қатысты, мемлекеттік құпияларды қамтымайтын мәліметтер;
2. жария етілуі мемлекеттік органдардың жұмысына, оның ішінде қол жеткізу парольдерін қоса алғанда, электрондық ақпараттық ресурстарға рұқсатсыз қол жеткізу салдарынан ақпаратты жойылудан, бұғатталудан немесе өзгеруден қорғау процесіне тікелей әсер ететін мәліметтер;
3. мемлекеттік органға заңды ақпаратты иеленуші құпиялылық шартымен берген мәліметтер;

⁴ ҚР «Мәліметті таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу қағидаларын бекіту туралы» Үкімет Қаулысы 31 желтоқсан 2015 жыл № 1196 <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1500001196>

4. жариялануы немесе жария етілуі жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін бұзатын мәліметтер;
5. ашық жариялау мемлекеттік органның тәуелсіздігін қамтамасыз ету қажеттігіне байланысты әкімшілік рәсімдерді сақтау тәртібін бұзуы мүмкін шешім қалыптастыру процесінде жүзеге асырылатын ведомствоаралық және ведомствоішілік хат-хабар алмасу, шешім қалыптастыру процесінде жүргізілетін мемлекеттік органдардағы кеңестер туралы, оның ішінде «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабында көрсетілген мәселелер бойынша ақпаратты қамтитын мәліметтер;
6. мемлекеттік бақылау және қадағалау шеңберінде жүргізілетін, түпкілікті шешімдер қабылданбаған тексерулер нәтижелері туралы мәліметтер;
7. шет мемлекеттерден немесе халықаралық ұйымдардан келіп түскен, оларды ашу шарттары туралы өзара келісім қабылданбаған мәліметтер.



ЖОҒАРЫДА АТАЛҒАН «МӘЛІМЕТТЕРДІ ТАРАТЫЛУЫ ШЕКТЕЛГЕН ҚЫЗМЕТТІК АҚПАРАТҚА ЖАТҚЫЗУ ЖӘНЕ ОНЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ҚАҒИДАЛАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ» 7 ТАРМАҒЫ:

- біріншіден, мемлекеттік орган жетекшісіне қызметтік ақпаратты қамтитын құжаттарға, істерге және басылымдарға «Қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгі қоюға мүмкіндік береді;
- екіншіден, аталған процедураның орындаушы мен құжатқа қол қойған адаммен жүргізілетінін бекітеді, яғни, мемлекеттік органның қызметтік тұлғаларына аталған мәселе бойынша кеңінен реттейтін құзірет беріледі;
- үшіншіден, қызметтік пайдалануға қажетті мәліметтер тізімін әзірлеу критерийлерін реттейді. Олардың бірқатарында талқылау және қолдану барысында қызметтік тұлғалар тарапынан сыбайлас жемқорлық және асыра пайдалану элементтері болады.

Осылайша, «Мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидаларының» 7 тармағында айтылған норма 2016 жылдың 6 сәуірінде бекітілген ҚР «Құқықтық актілер туралы» № 480-V Заңымен бекітілген нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына жауап бермейді. Онда «нормативтік құқықтық акт мәтіні әдеби тіл нормалары, заңдық терминология және құқықтық техника сақтала отырып жеткізілетіні, оның ережелері қысқа, нақты және мағынасын түрлі талқылауға жатпайтыны айтылған»⁵.

Сонымен, «Мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидаларының» 7 тармағы 4) тармақшасында көзделгендей, мәліметтердің жариялануы немесе таратылуы жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін бұзатын болса, «ҚБПҮ» мәліметтеріне жатқызылуы мүмкін, мұндай ақпаратты азаматтарға бермеу үшін мемлекеттік шенеуніктің қиялдандуына мол мүмкіндік береді.

Мемлекеттік органдардағы лауазымды тұлғаларда өз қызметі туралы қандай да бір ақпаратты жариялау ниеті болмаса оны көпшіліктен «ҚБПҮ» белгісімен жауып тастауы мүмкін, алайда ақпарат қызметтік құпияға жатпауы мүмкін. Көп жағдайда бұл бюджет қаражатын жұмсауға қатысты, мемлекеттік тапсырыс көлемі туралы ақпаратқа қатысты қолданылады.

Мысалы, ҚР Азаматтық кодексінің 126 бабы 1 тармағында «үшінші жаққа белгісіз болуына байланысты ақпараттың нақты немесе потенциалды коммерциялық құны болып, онымен заңды негізде еркін танысуға болмайтын және ақпаратты иеленуші оның құпиялылығын сақтауға шара қолданатын ретте, қызметтік немесе коммерциялық құпия болып табылатын ақпарат азаматтық заңдармен қорғалатындығы» айтылған⁶.

ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 28 бабының 1 тармағына сәйкес, «коммерциялық құпияны қорғау осы Кодекске және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты заңсыз алуға, таратуға не пайдалануға тыйым салуды білдіреді».

КӘСІПКЕРЛІК КОДЕКСТІҢ 28 БАБЫ 4 ТАРМАҒЫНА СӘЙКЕС, КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҚҰПИЯНЫ ҚҰРАЙТЫН АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУ БОЙЫНША КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІСІ ҚОЛДАНАТЫН ШАРАЛАР:

1. коммерциялық құпияны құрайтын ақпарат тізбесін айқындауды;
2. осы ақпаратпен жұмыс істеу тәртібін және осы тәртіптің сақталуын бақылауды белгілеу арқылы коммерциялық құпияға қол жеткізуді шектеуді;
3. коммерциялық құпияға қолжетімділік алған адамдарды және (немесе) осы ақпарат ұсынылған немесе берілген адамдарды есепке алуды қамтуы мүмкін⁷.

⁵ ҚР «Құқықтық актілер туралы» Заңы 6 сәуір 2016 жыл № 480-V ЗПК <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1600000480>

⁶ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 27 желтоқсан 1994 жыл № 268-XIII http://adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000_#z273

⁷ ҚР Кәсіпкерлік кодексі 29 қазан 2015 жыл № 375-V ЗПК <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000375>

«Коммерциялық құпия» түсінігінің анықтамасынан мұндай құпияның құқықтық тәртібін анықтауға болады: біріншіден, кәсіпкер тізімді өзі анықтап бекітеді; екіншіден, үшінші тарапқа белгісіз болғаны себепті расымен коммерциялық құндылығы болады.

Ізінше, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс сомасын алу туралы және осындай тапсырысты алған субъект туралы ақпаратты құпиялау коммерциялық құпия деп бағалана алмайды.

ҚБПУ ақпараттарын, Азаматтық және Кәсіпкерлік кодекстермен реттелетін коммерциялық құпия («жариялануы және таратылуы жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін бұзатын мәліметтер») тәртібін сипаттайтын белгілерді құрайтын мәліметтер тізімін критерийлерге енгізу негізсіз болып табылады.

Сонымен бірге, «жариялануы және таратылуы жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін бұзатын мәліметтер» деген түсініктің ауқымы кең, оның құрамына өзге де заң құжаттарымен ретеретін жеке, отбасы құқықтары, жеке салым құқығы, банктік құпия кіреді.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы N 2444 «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңының 50 бабы 1 тармағына сәйкес, «банк құпиясына банктің клиенттері мен корреспонденттері, олардың операциялары мен көрсетілетін банктік қызметтерді алуға байланысты банктермен өзара қарым-қатынастары туралы мәліметтер, оның ішінде шектеусіз: банктік шоттардың бар екендігі, олардың иелері мен нөмірлері және банктердің корреспонденттері, осы шоттардағы және банктің өз шоттарындағы ақшаның қалдығы мен қозғалысы, аударылған шоттардағы шектеулер (мемлекеттік органдардың шығыс операцияларын тоқтата тұру, тыйым салу, кепілдер туралы шешімдері және (немесе) өкімдері), клиенттер мен корреспонденттердің және банктің өз операциялары (банк операцияларын жүргізудің жалпы шарттарын қоспағанда), сондай-ақ банктің сейф жәшіктерінде, шкафтарымен үй-жайларында сақтаулы жатқан клиенттер мүлкінің болуы, иелері, сипаты мен құны туралы ақпарат, клиенттердің кредит алу (осы бапта айқындалған жағдайлардан басқа), төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша, оның ішінде банктік шотты ашпай орындалатын операцияларды жүргізу туралы ақпарат кіреді. Тарату процесінде тұрған банк берген кредиттер туралы мәліметтер банк құпиясына жатпайды»⁸.

Құжаттарды, істерді және және басылымдарды «ҚБПУ» қызметтік ақпаратқа жатқызудың әкімшілік процедурасы жеткіліксіздігі мен екі мағынаға сипат болуы лауазымды тұлғалар тарапынан өз мүддесіне ыңғайлы, алайда азаматтар мен заңды тұлғалардың мүдделеріне кереғар процедуралық нормалар әзірлеу тәуекелі болуы мүмкін.

⁸ Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы N 2444 Заңы http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002444_

ҚР «Әкімшілік процедуралар туралы» Заңының сілтеме ережелері Үкіметтің таратылуы шектелген және олармен істелетін жұмыс мәліметтерін қызметтік ақпаратқа жатқызуы ақпаратқа еркін қол жеткізуі тиіс жауапты тұлғалардың өз құзыры шегінде «ҚБПҮ» қызметтік ақпаратқа жатқызуына әкеліп соқты. Осылайша олар өздеріне берілген құзыретті ақпаратқа еркін қол жеткізу құқығына нұқсан келтіре отырып немесе осы құқықты шектеуге пайдаланады.

Мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы ережелерінің 9 тармағына сәйкес, қызметтік тұлғаға мәліметтерді «ҚБПҮ» реттейтін кең құзіреті берілген. Мәселен, Ережелердің 9 тармағына сәйкес, «егер мәліметтер тізбесінде мәліметтер көзделмесе, бірақ орындаушының пікірі бойынша мемлекеттік органның мүддесіне нұқсан келтіру қаупін төндіруі мүмкін болса, ол осы мәліметтер құзыретіне қатысты мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесінің басшысымен бірлесіп басшылықтың қарауына осы мәліметтерді қорғау және Тізбеге тиісті толықтырулар енгізу қажеттілігі туралы дәлел келтіре отырып ұсыныстар енгізеді».

АҚПАРАТҚА ЕРКІН ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҚҰҚЫҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША СОТ ТӘЖІРИБЕСІ

«Солтүстік Қазақстан құқықтық медиа орталығы» Қоғамдық қорының Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігіне (әрі қарай құзырлы орган) арызы бойынша сот процесі қоғамда резонанс тудырды:

- құзырлы органның «Солтүстік Қазақстан құқықтық медиа орталығы» Қоғамдық қорының 2017 жылғы республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу бойынша мемлекеттік тапсырысты орындау қорытындысы бойынша құзырлы органның ақпарат беруден бас тартуын заңсыз деп тану туралы;
- «Солтүстік Қазақстан құқықтық медиа орталығы» ҚҚ 25.08.2017 жылғы шығыс №214 өтінішіне құзырлы органның 08.09.2017 жылғы жауабын заңсыз деп тану туралы;
- «Солтүстік Қазақстан құқықтық медиа орталығы» ҚҚ 08.09.2017 жылғы шығыс №219 өтінішіне құзырлы органның 14.09.2017 жылғы жауабын заңсыз деп тану туралы;
- Құзырлы органды «Солтүстік Қазақстан құқықтық медиа орталығы» ҚҚ-тың бұзылған заңдарын толық көлемде жою және бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге міндеттеу туралы;
- республикалық деңгейдегі мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу бойынша 2017 жылғы орындаушылары мен нақты сомасын мемлекеттік тапсырыс орнату қорытындысы бойынша ақпаратты құзырлы органның қызметтік пайдалануға арналған құжаттарға жатқызу туралы бұйрығын заңсыз деп тану туралы;

- республикалық деңгейдегі мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу бойынша қорытындысы бойынша 2017 жылғы ақпаратты құзырлы органның қызметтік пайдалануға арналған құжаттарға жатқызу туралы бұйрығын жою туралы.

Істің фабуласы келесідей. 25.08.2017 жылы «Солтүстік Қазақстан құқықтық медиа орталығы» ҚҚ 2017 жылғы нақты орындаушылары мен нақты сомасын көрсете отырып, республика деңгейінде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастыру қорытындысы бойынша ақпаратты беру талабымен құзырлы органға 25.08.2017 жылы шығыс № 214 алғашқы өтініш жолдады.

08.09.2017 жылы құзырлы орган бірінші өтінішке келесі мазмұндағы жауап қайтарды:

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңның 8 бабы 4) тармағына сәйкес, «мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаражатты пайдалануға қатысты ақпарат бөлігінде – бюджет қаражатын алушылар болып табылатын заңды тұлғалар ақпарат иеленушілер болып танылады».

Осыған орай, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу бойынша мемлекеттік тапсырыс орналастыру үшін республикалық бюджеттен Министрлікке 2 069 247 000 теңге бөлінгенін хабарлаймыз».

Аталған жауап өтініш иесін қанағаттандырмады, өйткені құзырлы орган өз хатында нақты соманы да, бюджеттік қаражатты алған нақты заңды тұлғаларды да хабарламады. Бұл ретте сайтта 2017 жылдың 31 шілдесінде Республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты орналастыру қорытындысының хаттамасы орналастырылған, онда ақпараттық саясат бағыттары, жанрлар, формат туралы айтылған, алайда жеңімпаздар мен сомасы көрсетілмеген.

Өтініш иесі 08.09.2017 жылы қайтадан шығыс № 219 өтініш жолдады, онда ҚР «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңының ережелерін бұзбауды сұрады және бюджет қаражатын алған нақты заңды тұлғалар мен оларға бөлінген нақты сомалар туралы жауап беруді сұрайды.

14.09.2017 жылы құзырлы орган келесідей жауап берді:

Қазақстан Республикасының «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңының 11 бабы 16 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, егер сұратылатын ақпарат қол жеткізу шектелген ақпаратқа жатқызылса, ақпаратқа қол жеткізуден бас тартылады.

Осыған орай ақпарат беру мүмкін болмайды».

Демек, жауапкер осы жауап арқылы талапкерге ақпарат беруден бас тартып отыр, ал бұл өз кезегінде, біздің пікірімізше, мүлдем заңсыз әрекет.

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2018 жылдың 25 қаңтарындағы шешімімен арызданушының талап арыздарын қанағаттандырудан бас тартты. Сот «мекеменің бұқаралық ақпарат құралдарының атауы мен мемлекеттік тапсырыс аясында бөлінген нақты сома туралы үшінші тараптың сұрау салу арқылы ақпарат таратуы осындай тапсырыс алған бұқаралық ақпарат құралдарының заңды құқықтары мен мүдделерін бұзады» деген шешімге келді. Соттың есебінше, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргі-

зу жөніндегі мемлекеттік тапсырыс туралы 2 069 247 000 теңге көлемінде мемлекеттік тапсырыс туралы жалпы ақпаратты беру құзырлы органның заңды бұзбағанын көрсетеді.

Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі алқасының 2018 жылдың 4 сәуіріндегі қаулысымен бірінші инстанция сотының шешімі өзгеріссіз, апелляциялық шағым қанағаттандырусыз қалдырылды.



Дереккөз: freepik.com

ҚР Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының судьясы 2018 жылдың 22 қазандағы қаулысымен бірінші және апелляциялық инстанциядағы соттар шешімдерін ҚР Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі алқасының сот отырысында қайта қарау жөніндегі өтінімін қараудан бас тартты.

Соттар ҚР Конституциясының 18 бабы 3 тармағы, 20 бабының, ҚР «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңы және 2008 жылғы 4 желтоқсандағы ҚР Бюджеттік кодексі № 95-IV қоғам мен бұқаралық ақпарат құралдарына арналған бюджеттік процестердің міндетті түрде ашықтығын көрсететін транспаренттік принциптері нормаларының орындалмағанын назарға алмады. (4 б. 4 т.)⁹.

Өздеріңізге белгілі, ҚР «Құқықтық актілер туралы» Заңының 10 бабы 3 тармағына сәйкес, «төмен тұрған деңгейдегі нормативтік құқықтық актілердің әрқайсысы жоғары тұрған деңгейлердегі нормативтік құқықтық актілерге қайшы келмеуге тиіс».

ҚР «Құқықтық актілер туралы» Заңының 12 бабы 1 тармағына сәйкес, «әртүрлі деңгейдегі нормативтік құқықтық актілердің нормаларында қайшылықтар болған кезде неғұрлым жоғары деңгейдегі актінің нормалары қолданылады»¹⁰.

⁹ ҚР Бюджеттік кодексі 4 желтоқсан 2008 жыл № 95-IV http://adilet.zan.kz/rus/docs/K080000095_

¹⁰ ҚР «Құқықтық актілер туралы» Заңы 6 сәуір 2016 жыл № 480-V ЗРК <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1600000480>

«Қазақстан Республикасының Конституциясының 4 бабы 1 тармағы, 14 бабының 1 тармағы, 77 бабының 3 тармағы 3) тармақшасы, 79 бабының 1 тармағы, 83 бабының 1 тармағын ресми талқылау туралы» 1997 жылдың 6 наурыздағы ҚР Конституциялық Кеңесі Қаулысының 1 тармағы 2 абзацында келесі бекітілген:

«4 баптың 2 тармағына сәйкес, Республика Конституциясының заңдық күші жоғары және Республиканың барлық аумағында қолданылады. Осы конституциялық ережеге сәйкес, соттар істерді қараған кезде барлық қажетті жағдайда Республика Конституциясын тікелей әрекет ету құжаты ретінде қарастыру керек»¹¹.

ҚР Конституциясының 78 бабына сәйкес, «соттардың Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға хақысы жоқ. Егер сот қолданылуға тиісті заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгінуге міндетті».

Қолданылуы тиіс нормативтік құқықтық актілерде Конституцияда бекітілген адам құқықтары мен бостандықтарының бұзылғаны көрсетілгенімен, азаматтың істі шешу кезінде сот ҚР Конституциясының 78 бабын қолданбады, ҚР Конституциялық Кеңесіне де жүгінбеді.

ҚР Конституциясының 4 бабы 3 тармағына сәйкес, «республика бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады. Қазақстан қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Республиканың заңнамасында айқындалады»¹².

Халықаралық адам және саяси құқықтар жөніндегі пактінің 19 бабы 2 тармағына сәйкес, «әрбір адамның өз пікірін еркін жеткізуге құқығы бар; бұл құқыққа мемлекеттік шекараларға қарамастан, ауызша, жазбаша немесе баспасөз немесе көркем түрде жеткізу немесе өз қалауы бойынша өзге де жолдармен кез келген түрдегі ақпарат мен ойды іздеп, алу және тарату құқығы жатады. Пакт 2005 жылдың 28 қарашасында №91 ҚР Заңымен мақұлданды»¹³.

Алайда, ҚР Конституциялық Кеңестің бірқатар нормативті қаулыларына сәйкес, Конституцияның 4 бабының 3 тармағының ережесі ҚР Конституциясы мен заңдарының Қазақстан Республикасы мақұлдаған халықаралық келісімшарттарға қарағанда автоматты түрде басымдыққа ие екенін білдірмейді.

¹¹ ҚР Конституциялық Кеңесінің 6 наурыз 1997 жылғы № 3 «Қазақстан Республикасы Конституциясының 4 бап 1 тармағы, 14 бабы 1 тармағы, 77 бабы 3 тармағы 3) тармақшасы, 79 баптың 1 тармағы және 83 бабы 1 тармағын ресми түсіндіру туралы» қаулысы http://adilet.zan.kz/rus/docs/S970000003_

¹² Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылдың 30 тамызында Қазақстан халқы республикалық референдумында қабылданды http://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_

¹³ Халықаралық азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі пакт (Нью-Йорк, 16 желтоқсан 1966 ж.), 2005 жылы 28 қарашада ҚР Заңымен мақұлданды № 91 http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z050000091_

ҚР Конституциялық Кеңестің 2000 жылғы 11 қазандағы №18/2 «Қазақстан Республикасы Конституциясының 4 бабы 3 тармағын ресми түсіндіру туралы» Қаулысының 2 тармағы 2 – 3 абзацтарына сәйкес, «бұл Қазақстан Республикасы Республика Парламенті тиісті заңды қабылдау жолымен мақұлдаған халықаралық келісімшарттардың ұлттық заңнама алдында заңдық басымдық күшке ие болатынына келісімін береді дегенді білдіреді.

Конституцияның келтірілген нормасының мағынасы Қазақстан заңдары алдында тек Қазақстан мақұлдаған халықаралық келісімшарттар басым күшке ие дегенді білдіреді. Мақұлдаған халықаралық келісімшарттардың заң алдында басым болуы мұндай келісімшарттардың заң нормаларымен коллизиясы кезінде Республика аумағында ситуативті басым болуы дегенді білдіреді ¹⁴.

ҚР Конституциялық Кеңестің 2009 жылғы 5 қарашадағы № 6 «Қазақстан Республикасы Конституциясының 4 бабының нормаларын ресми түсіндіру туралы» Нормативті Қаулысында белгіленген құқықтық позициялар тағы да расталды ¹⁵. 2019 жылғы Стамбул әрекет әту жоспарының (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ОЭСР) ұсыныстары жобасы) төртінші раундындағы ұсыныстарды Қазақстанның орындауы туралы Аралық баяндаманың 1 тармағы 13 бөлімінде бірқатар ұсыныстар қарастырылған:

«Ақпаратқа қол жеткізу туралы Заңды халықаралық стандарттарға сәйкестендіру керек, дәлірек айтқанда: ақпарат ашықтығы презумпциясын бекіту, ақпаратқа қол жеткізуді шектеуге арналған «үш құрамды сынақ», ақпаратқа қол жеткізу туралы заңның кез келген өзге заңдардан басымдығын бекіту керек, өзге категориялардағы ақпаратқа шектеуді автоматты түрде алып тастау керек» ¹⁶.

Аралық баяндамада ҚР «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңына сәйкес, шектеуге жатпайтын ақпараттарды жасылу фактілері келтірілген. Мәселен, бюджет қаражаты шығындары туралы ақпарат «қызметтік пайдалануға арналған ақпарат» деген желеумен журналистер мен ҰЕҰ өкілдеріне ақпарат беру сиреп барады. ҚР Жоғарғы соты «Құқықтық медиа орталығы» үкіметтік емес ұйымына мемлекеттік ақпараттық тапсырысқа бөлінген бюджет қаражатын сұрау жөнінде арызды қараудан бас тарту бойынша істі қараудан бас тартты. Осыдан бұрын төменгі тұрған инстанция ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі «Мемлекеттік құпиялар туралы» және «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңдардың ережелеріне қарамастан мемлекет бюджетіне қатысты ақпаратты шектеуі заңды деп мойындаған болатын.

¹⁴ Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің 2000 жылғы 11 қазан № 18/2 «Қазақстан Республикасы Конституциясының 4 бабы 3 тармағын ресми түсіндіру туралы» Қаулысы http://adilet.zan.kz/rus/docs/S000000018_#z0

¹⁵ ҚР Конституциялық кеңесінің 2009 жылғы 5 қараша № 6 «Қазақстан Республикасы Конституциясының 4 бабының нормаларын халықаралық ұйымдар мен олардың органдары шешімдерін орындау тәртібіне қатысты ресми түсіндіру туралы» Қаулысы http://adilet.zan.kz/rus/docs/S090000006_

¹⁶ Стамбул әрекет ету жоспары мониторингінің төртінші раунды ұсыныстарын орындау туралы аралық баяндама, 2019 ж. <https://www.oecd.org/corruption/acn/OECD-ACN-Kazakhstan-Progress-Update-2019-RUS.pdf>

2018 жылдың жазында Астана қаласының әкімдігі зерттеушінің бейбіт шерулер өткізуге қатысты өтініш саны туралы, Астанадағы митингтер мен олар бойынша қабылданған шешімдер туралы өтінішке ақпарат беруден бас тартқан болатын. Адам және азамат құқықтары мен бостандығына қатысты ақпарат болғанына, сонымен қатар оларға шектеу қойылмайтындығына қарамастан, Астана қаласының әкімдігі мұны «қызметтік пайдалануға арналған ақпарат» деп санады, және соның негізінде ақпарат беруден бас тартты. ҚР прокуратура органдары осы шешімді қолдады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілері мен жеке компаниялар да ақпараттық «коммерциялық сипатына» сілтеме жасап, ақпаратты шектеуді әдетке айналдырған. Тіпті, сұратылып отырған ол ақпарат ҚР «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңына сәйкес, шектеуге жатпайтын болса да. 2018 жылдың аяғында Семей қаласының соты (Шығыс Қазақстан облысы) «Семей Арнасы» ақпараттық агенттігіне Шәкәрім атындағы университетінің мемлекеттік сатып алу жайттары бойынша жазған өтінішіне ақпарат беруден осы негіз бойынша бас тартқан болатын ¹⁷.

Қоғам қандай бұқаралық ақпарат құралдары мемлекеттік қолдауға ие болып отырғанын, және осындай ақпараттың коммерциялық құпияға жатпайтынын білуі керек.



Дереккөз: freepik.com

¹⁷ Стамбул әрекет ету жоспары мониторингінің төртінші раунды ұсыныстарын орындау туралы аралық баяндама, 2019 ж. <https://www.oecd.org/corruption/acn/OECD-ACN-Kazakhstan-Progress-Update-2019-RUS.pdf>

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІ

БҰҰ Бас Ассамблеясының 1946 жылғы 14 желтоқсандағы 59 (I) «Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі халықаралық конференция шақыру» Резолюциясында ақпаратқа қол жеткізу адамның негізгі құқығы болып табылатынын, Біріккен Ұлттар Ұйымы өзі қорғауға алған барлық бостандық түрлері критерийлері екені айтылған; ақпарат еркіндігі барлық жерде және еш кедергісіз ақпараттық мәліметтерді жинау, жеткізу және жариялау дегенді білдіреді; осының нәтижесінде бейбітшілікке және әлемдік прогреске қол жеткізуге ықпал ететін кез келген салмақты талпынысқа негізгі алғышарт бола алады¹⁸.

Жалпыұлттық адам құқықтары декларациясының 19 бабына сәйкес, «әрбір адамның көндіру еркіндігіне және оны еркін айту құқығы бар; бұл құқық өз пайымыңды кедергісіз ұстанып, кез келген жолмен және мемлекеттік шекараларға қарамастан, ақпарат пен идеяңды еркін іздеу, алу және тарату еркіндігін қамтиды»¹⁹.

Халықаралық азаматтар мен саяси құқықтар жөніндегі пактінің 19 бабы 2 тармағына сәйкес, «әрбір адамның өз пікірін еркін жеткізуге құқығы бар; бұл құқыққа кез келген ақпаратты, идеяны мемлекеттік шекараға қарамастан, ауызша, жазбаша немесе баспа немесе көркем жеткізу, өз тағдауы бойынша өзге де жолдармен жеткізу формалары арқылы жеткізу жатады»²⁰.

ҚР Конституциясының 18 бабы 3 тармағына сәйкес, «мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті»²¹.

ҚР Конституциясының 20 бабының 2 тармағына сәйкес, «әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді»²².

Егер ҚР Конституциясының мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге қатысты 20 бабы 2 тармағы жеткілікті түрде нақты болып, 1999 жылғы 15 наурыздағы №349-1 «Мемлекеттік құпиялар туралы» заңында қолданыс тапқан болса, ақпаратты «кез келген, заңмен тыйым салынбаған жолмен» тарату туралы конституциялық ереже ағымдағы заңнаманы жүзеге асыру тұрғысынан жүйелі сараптама жасауды қажет етеді.

¹⁸ БҰҰ Бас Ассамблеясының 1946 жылғы 14 желтоқсандағы 59 (I) «Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі халықаралық конференция шақыру» Резолюциясы <https://undocs.org/ru/A/RES/59%28I%29>

¹⁹ Жалпыұлттық адам құқықтары декларациясы. БҰҰ Бас Ассамблеясының 217 А (III) резолюциясы 1948 жылы 10 желтоқсанда қабылданды. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/O4800000001>

²⁰ Халықаралық азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі пакт (Нью-Йорк, 16 желтоқсан 1966 ж.), 2005 жылы 28 қарашада ҚР Заңымен мақұлданды № 91 <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z0500000091>

²¹ Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылдың 30 тамызында Қазақстан халқы республикалық референдумында қабылданды http://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_

²² Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылдың 30 тамызында Қазақстан халқы республикалық референдумында қабылданды http://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_

ҚР Конституциясының 39 бабының 1 тармағында бекітілгендей, «адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін»²³.

Халықаралық азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі пактінің 19 бабы 3 тармағына сәйкес, «осы баптың 2 тармағында көзделген құқықтар ерекше міндеттемелер мен ерекше жауапкершілік жүктейді. Олар бірқатар шектеулермен қабысуы мүмкін, алайда заңмен бекітіліп, келесілер үшін қажетті болуы тиіс:

- өзге адамдардың құқықтары мен беделін қорғау,
- мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, халықтың денсаулығы мен ұнамдылығы».

Ізінше, ағымдағы заңнаманы сараптай келе осы балансты анықтауға болады: біріншіден, міндетті түрде заң шығару актісі деңгейінде бекітілген, екіншіден, өзгелердің құқықтары мен беделін сыйлау, мемлекет қауіпсіздігін, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығы мен ұнамдылығын қорғау үшін.

Тәуелсіз және прюралистік ақпарат құралдарын бекіту жөніндегі Еуропалық семинарында қабылданған София Декларациясының (1997 жылдың 10-13 қыркүйегі) 14 тармағында (әсіресе, Орталық және Шығыс елдерінде) көрсетілген:

«қоғам мүддесі меншік нысанына қарамастан анықталады. Барлық ақпарат құралдарына меншік және оларды қаржыландыру транспарентті сипатқа ие және декларациялануы тиіс. Мемлекеттер меншік құқықтарының әртүрлі болуына ықпал етіп, құқықтық кепіл беруі тиіс. Қоғамдық қорлар меншік нысандары теңдігін ескере отырып, қоғамдық мүддені жоғары қоя отырып, есеп беруі тиіс»²⁴.

Еуропа Кеңесі Парламенттік Ассамблеясының (ПАСЕ) Резолюциясының 2 және 3 тармақтарында Бұқаралық ақпарат құралдары туралы 1970 жылдың 23 қаңтарында (18 отырыста) қабылданған № 428 (1970) Декларациясында бекітілгендей, пікірін еркін жеткізу құқығы бұқаралық ақпарат құралдарына да қатысты айтылған.

9 желтоқсан 1998 жылғы № 53/144 Резолюциясында «Жалпы мойындалған адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын ынталандыру және қорғау жөніндегі қоғамдағы жеке адамдар, топтар мен органдардың құқықтары мен міндеттері туралы декларациямен» бекітілген:

²³ Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылдың 30 тамызында Қазақстан халқы республикалық референдумында қабылданды http://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_

²⁴ Тәуелсіз және прюралистік ақпарат құралдарын бекіту жөніндегі Еуропалық семинарында қабылданған София Декларациясы, 1997 жылдың 10-13 қыркүйегі. София, Болгария. https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/sofiadecl.shtml

ӘРБІР АДАМ ЖЕКЕ ЖӘНЕ ӨЗГЕ АДАМДАРМЕН БІРЛЕСІП, КЕЛЕСІ ҚҰҚЫҚТАРҒА ИЕ:

ақпаратқа қол жеткізуді қоса алғанда, адамдардың құқықтары мен негізгі бостандықтары туралы барлық ақпаратты білуге, іздеуге, табуға, алуға және өз басқаруында ұстауға құқығы бар, осылайша ішкі заңнама, сот немесе әкімшілік жүйелердегі осы құқықтар мен бостандықтардың қалай қамтамасыз етілетінін білуге құқығы бар

адам құқықтары туралы халықаралық құжаттар мен өзге де халықаралық құжаттарда қалай қолданылатынын, адам құқықтары мен негізгі бостандықтары туралы барлық пікірлер, ақпараттар мен білімді жариялау, басқаларға жеткізу немесе өзгелер арасында таратуға

заңнамамен қатар, іс жүзінде барлық адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын сақтауға қатысты зерттеу, талқылау, құру және пікірде болу, сонымен қатар осы және өзге де тиісті құралдарды пайдалану арқылы қоғам назарын аудару.

Тәуелсіз және плюралисті африкалық баспасөзді дамытуға көмектесетін Виндхук декларациясында «барлық қаржылай қолдау плюрализм мен тәуелсіздікті нығайтуға бағытталуы керек. Сондықтан, билік конституция негізінде шын мәнінде ақпарат пен пікір еркіндігіне және баспа тәуелсіздігіне кепілдік бергенде ғана мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары мұндай көмек алуы тиіс» деп бекітілген»²⁵.

1992 жылдың 9 қазанында Біріккен Ұлттар Ұйымы мен БҰҰ-ның білім, ғылым және мәдениет бағытындағы бөлімінің (ЮНЕСКО) ұйымдастыруымен Алматыда өткен Азиядағы бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі мен плюралистігін дамытуға ықпал ету туралы Семинар қатысушылары Азия бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі мен плюралистігін дамыту туралы

²⁵ БҰҰ Бас Ассамблеяның Резолюциясы 9 желтоқсан 1998 жыл № 53/144 «Жалпы мойындалған адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды ынталандыру және қорғау бойынша адамдар, топтар мен органдардың құқықтары мен міндеттерін жөніндегі Декларация <http://base.garant.ru/2565418/8b7b3c1c76e91f88d33c08b3736aa67a/#ixzz6Szm1TNOa>

Алматы Декларациясын қабылдаған болатын. Қатысушылар Виндхук декларациясының негізгі қағидаларын толығымен қолдайтынын айтты және аталған принциптерді жақтай отырып, әлемнің барлық аймағындағы баспасөз, радио мен телеарнаның тәуелсіз, плюралисті және еркін болу жолындағы күрестегі маңыздылығын мойындады. Декларацияда Азия мен Тынық мұхиты елдерінің, оның ішінде, Азия аймағына қарайтын, жақында ғана бұрынғы Кеңес Одағының құрамынан шығып, тәуелсіздік алған орталық Азия республикаларының Виндхук декларациясында бекітілген қағидаларды ұлттық және халықаралық кәсіби ұйымдармен, Біріккен Ұлттар Ұйымының тиісті мекемелерімен нақты жобалық ұсыныстар мен облыстар бойынша бірлесе отырып, тәжірибе жүзінде жүзеге асыруға тырысатыны айтылған.

Атап айтар болсақ, «Заңнама» бөлімінің I тарауында: «тәуелсіздік алған соң мұраға қалған баспасөз туралы ескірген заңдарды ауыстыру мақсатында, пікір бостандығы мен оны жеткізуге құқық беретін заңдарды жасап, ақпарат пен жазу бостандығына мүмкіндік беру үшін мамандардың кеңесін ұсыну және заңды тұрғыдан көмек көрсету; монополияны және хабар тарату және жиілікті бөліп беруде, баспа ісінде газет-журналдардың таралуында, газет қағазын өндіру және үлестіруде дискриминацияның барлық түрін жоққа шығару, сондай-ақ, жаңа басылымдардың шығарылымына кедергі келтіретін кез келген қиындықты, дискриминациялық салық салу негіздерін жою» туралы айтылған»

...пікір еркіндігі мен оны жеткізуге, ақпаратқа және баспасөз еркіндігіне, құқықты жүзеге асыруды қамтамасыз ететін заңдарды әзірлеуге құқықтық көмек көрсету; монополияны доғару және дискриминацияның кез келген түрін жою...



Дереккөз: freepik.com

Аталған елдердің ақпаратқа қолжетімділік құқығын қамтамасыз ету жөніндегі заңнамасын қарастырайық.

Өзбекстан Конституциясының 29 бабына сәйкес «кез келген адам ой, сөз және пікір еркіндігіне құқылы. Әрбір адам қолданыстағы конституциялық тәртіпке қайшы немесе заңда қарастырылған өзге де шектеулерді бұзатын ақпараттардан басқа кез келген ақпаратты іздеуге, алуға және таратуға құқылы. Пікірлер мен ойлардың еркіндігі мемлекеттік немесе өзге де құпия ретінде заңмен шектелуі мүмкін»²⁶.



Дереккөз: freepik.com

Өзбекстан Республикасындағы «Электрондық үкімет туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, «электрондық үкімет саласындағы мемлекеттік органдар қызметі заңнамаға сәйкес ашық түрде жүзеге асырылады. Өтініш берушілерге электрондық мемлекеттік қызмет көрсету жалпыға ортақ және ашық түрде жүзеге асады және электрондық мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органдардың ресми веб-сайттарында жарияланады».

Өзбекстанда **«Құқықтық ақпаратты тарату және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету туралы»** Заң бар. Оның 1 бабына сәйкес аталған заңның мақсаты - «құқықтық ақпаратты тарату саласындағы қатынастарды реттеу және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету».

Заңның 5 бабына сәйкес «Мемлекет құқықтық ақпаратқа қол жетімділікке кепілдік береді. Азаматтар құқықтық ақпаратты еш кедергісіз іздеу, алу және тарату құқығына ие»²⁷.

Мемлекеттік органдар, өзге де ұйымдар мен лауазымды тұлғалар орнатылған тәртіп бойынша әр адамға құқықтық ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз етуі тиіс. Егер ақпарат мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын құпия санатына жатқызылған жағдайда мұндай құқықтық ақпаратқа қолжетімділік шектеледі».

²⁶ Өзбекстан Республикасының Конституциясы <http://constitution.uz/ru/clause/index#section7>

²⁷ Өзбекстан Республикасының «Құқықтық ақпарат тарату және оларға қол жеткізу туралы» Заңы <https://lex.uz/docs/3329329>

Заң атауы айтып тұрғандай және «құқықтық ақпарат» деген түсініктің өзі оның ықпал ету аясының тар екенін көрсетеді. Мәселен, бұл заң нормативті-құқықтық актілерге, олардың ресми түсіндіру құжаттарына, нормативті-құқықтық актілерді қолдану тәртібіне түсіндірмелерге, Өзбекстан Республикасының Конституциялық сотының шешімдеріне, Өзбекстан Республикасының Жоғарғы соты Пленумы қаулыларына, заңнамаларды пайдалану мәселелері бойынша, сот тәжірибесін қорытындылау жөніндегі материалдарға (3 бап) қатысты қолданылады.

Құқықтық ақпаратқа қолжетімділік мемлекеттік немесе өзге де заңмен қорғалатын құпиялары бар мәліметтерге қатысты шектеледі. ӘКЖ 2016 жылғы 16 қыркүйектегі 17-ші, 2017 жылғы 13 қыркүйектегі 18-ші және 2018 жылғы, 4 шілдедегі пленарлық отырыстарында мақұлданған Өзбекстанның Стамбулдық іс-әрекет жоспарының 3-мониторингінің ұсыныстарын орындауы туралы аралық баяндамаларында келесі ұсыныс айтылған:

«Ақпаратқа еркін қолжетімділік туралы заңнама лауазымды тұлғалардың орын алуы мүмкін ақпарат беруден бас тарту деректеріне қатысты дискрециялық құзыреттерін шектеуін, «мемлеттік құпия» және «заңмен қорғалатын өзге де құпия ақпарат» секілді түсініктерге нақты анықтама беруді қамтамасыз етуі керек»²⁸.

Әзірбайжан Республикасының Конституциясының 50 бабы 1тармағында «ақпаратты әркім заңды жолмен іздеу, алу, беру, құру және тарату еркіндігіне ие» деп бекітілген»²⁹.



Дереккөз: freepik.com

²⁸ Сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі Стамбул іс-әрекет жоспары. Үшінші мониторинг раунды. Аралық баяндама <https://www.oecd.org/corruption/acn/OECD-ACN-Uzbekistan-Progress-Update-2017-RUS.pdf>

²⁹ Конституция Азербайджанской Республики https://caa.gov.az/index.php?option=com_k2&view=item&id=93:constitution-of-the-republic-of-azerbaijan&Itemid=173&lang=ru

Әзербайжан Республикасының 2005 жылдғы 30 қыркүйектегі №1024-IIQ «Ақпарат алу туралы» Заңының 2 бабында ақпаратты алу еркіндігі былайша реттелген:

- «2.1. Әзербайжан Республикасында ақпаратты алу еркіндігі бар
- 2.2. Әркім тікелей немесе өзінің өкілі арқылы ақпарат иесіне хабарласуға, ақпарат түрін және оны алу жолын таңдауға құқылы
- 2.3. Ақпарат иесіне хабарласқан әркімнің құқығы бар:
- 2.3.1. Ақпарат иесінен сұралатын ақпараттың бар-жоғын білу, ақпарат болмаған жағдайда, оны алу үшін көмекші ақпарат алуға.
- 2.4. Жеке тұлғалар өздері туралы құжатталған ақпаратпен еркін танысуға, оны алуға, осы ақпаратты нақтылауды талап етуге, бұл ақпаратты кім және қандай мақсатта қолданып жатқанын білуге құқылы.
- 2.4-1. Ақпаратты алуға жол беріледі, егер бұл ақпарат: Әзербайжан Республикасының саяси, экономикалық, әскери мүдделеріне, қаржы-несиелік және валюталық саясатына, қоғамдық тәртіп, денсаулық және адамгершілік, құқық және еркіндік, коммерциялық және басқа тұлғалардың экономикалық мүдделеріне, беделі мен бейтараптығын қамтамасыз етуге, сотта қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеу амалдарының жүргізілуіне қайшы келмесе.
- 2.5. Ақпарат иелерінен алынған ақпарат негізінде басқа, оның ішінде коммерциялық мақсатта ақпараттық өнім жасауға осы Заңның талаптарына сәйкес, ақпараттық өнімнің түпнұсқалық көзіне сілтеме беру арқылы жол беріледі»³⁰.

Парижде ЭЫДҰ (ОСЭР) штаб-пәтерінде 2013 жылдың 25 қыркүйегінде Стамбулдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспары пленарлық отырысында бекітілген «Әзербайжандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар» Есебінде мониторингтің үшінші раунды аясында ұсыныстардың ішінара орындалғаны атап өтілді:

- адам құқықтары жөніндегі уәкілдің басшылығымен үкіметтік емес ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуымен «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңның орындалуын тұрақты негізде бақылау мақсатында жұмыс тобын құру;
- заңнамадағы кемшіліктерді анықтау немесе оны жүзеге асыру үшін мерзімді зерттеулер жүргізу және мұндай зерттеулердің нәтижелерін жариялау;
- омбудсменді ақпаратқа қол жеткізу саласындағы өз функцияларын тиімді орындау үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз ету;
- түрлі қоғамдық топтар арасында ақпаратқа қол жеткізу құқығы туралы ақпаратты тарата отырып, жалпыұлттық ақпараттандыру деңгейін арттыру жөніндегі науқан ұйымдастыру³¹.

³⁰ Әзербайжан Республикасының «Ақпарат алу туралы» Заңы 30 қыркүйек 2005 жыл № 1024-IIQ https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30616297#pos=21;-53

³¹ Сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі «Әзербайжандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар» Стамбул іс-әрекет жоспары мониторингінің үшінші раунды 25 қыркүйек 2013 ж. <https://www.oecd.org/corruption/acn/AZERBAIJANThirdRoundMonitoringReport-RUS.pdf>

Армения Конституциясының 27 бабының 2 абзацында «әркімнің сөз бостандығына, оның ішінде мемлекеттік шекараларға қарамастан кез-келген бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ақпарат пен идеяларды іздеу, алу және тарату бостандығына құқығы бар» деп белгіленген»³².



Дереккөз: freepik.com

Арменияда «ақпарат бостандығына байланысты қатынастарды реттейтін, ақпарат беру саласындағы ақпарат таратушылардың құқықтарын, сондай-ақ, ақпарат алудың тәртібі, түрі мен шарттарын анықтайтын» «Ақпарат бостандығы туралы» 2003 жылғы 22 қазандағы No ЗР-11 Заңы бар. Бұл заңның орындалуына байланысты, атап айтқанда, мәліметті мемлекеттік және коммерциялық құпияларға жатқызуға байланысты мәселелер туындайды.

Яғни, ЭЫДҰ-ның Париждегі штаб-пәтерінде 2014 жылдың 8-10 қазанында өткен АҚЖ жиналысында Стамбулдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспары мониторингінің үшінші кезеңі аясында бекітілген «Армениядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар» есебінде келесілер көрсетілген.

Құпия ақпарат, оның ішінде мемлекеттік құпия немесе коммерциялық құпия бар, «Ақпарат бостандығы туралы» ұлттық Заңмен бекітілген ақпаратқа қолжетімділік құқығынан алынып тасталғандарға жатады.

Біріншіден, ақпаратты құпия топқа жатқызу үшін оған объективті негіз болған жағдайда ғана ақпаратқа қолжетімділік құқығын шектеуді қамтамасыз ететін талаптар мен құпия мәліметтерге өкілеттілікті анықтайтын нақты ережелерді әзірлеп, жүзеге асыру маңызды.

³² Армения Конституциясы https://www.gov.am/u_files/file/Constitution/Constitution-nor.pdf

Онымен қоса, оны құпияландырудың заңды негіздерінің күшін жою жағдайында ақпаратты құпиясыздандыру механизмі қажет.

Оның үстіне құпияландырылған ақпаратқа қолжетімділік беру туралы шешім құпия ақпаратты беру туралы әрбір нақты сұранымның негізінде қоғамдық мүдде мен ықтималды зиян арасындағы баланстың сақталуын бақылау арқылы қабылдануы керек.

Армения заңнамасында жазылуы мен қолданылуына байланысты, құпия болып жарияланған ақпаратты беруден қарапайым бас тартуды көздейтін қарама-қайшылыққа толы норма бар ³³.

Қырғыз Республикасы Конституциясының 33 бабының 3 тармағында «Әркімнің мемлекеттік билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және олардың лауазымды адамдарының, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары қатысатын заңды тұлғалардың, сондай-ақ республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын ұйымдардың қызметі туралы ақпарат алуға құқығы бар» деп нақты бекітілген ³⁴.



Дереккөз: freepik.com

³³ Армения Республикасы «Ақпарат еркіндігі туралы» Заңы 22 қазан 2003 жыл №3Р-11 https://base.spininform.ru/show_doc.fwx?rgn=7112


³⁴ 2014 жылы 8-10 қазанда АКС отырысында Сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі Стамбул іс-әрекет жоспарының Үшінші раунды аясында бекітілген «Армениядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы реформалар» есебі <https://www.oecd.org/daf/anti-bribery/Armenia-Round-3-Monitoring-Report-RUS.pdf>

«Қырғыз Республикасының Мемлекеттік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қарамағындағы ақпаратқа қол жеткізу туралы» 2006 жылғы 28 желтоқсандағы №213 Заңның 36-бабына сәйкес мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ақпаратына қол жеткізу құқығына әркімге кепілдік беріледі. Ақпараттың жалпыға бірдей қолжетімді болуы, объективтілігі, уақтылы таратылуы, ашықтығы және шынайылығы – бұл ақпаратқа қол жеткізу еркіндігінің негізгі қағидаттары.

Әркімнің ақпаратты іздеу, алу, зерттеу, өндіру, беру және тарату құқығы мемлекеттің қорғауында. Ақпаратқа қол жеткізу мен тарату тек заңмен ғана шектеледі³⁵.

Заңның 35-бабына сәйкес, «ақпарат беруден тас тартқанда, сондай-ақ, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының осы Заң талаптарын бұзатын өзге де әрекеттері (әрекетсіздігі) және шешімдеріне шағым түсіруге болады». Бұл «Әкімшілік қызметтің негіздері және әкімшілік рәсімдер туралы» Қырғыз Республикасының Заңында көзделген.

Тәжікстан Конституциясының 25-бабына сәйкес «заңмен көзделген жағдайлардан басқа ретте, мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, саяси партиялар және лауазымды тұлғалар әркімге оның құқығына және мүддесіне қатысты құжаттармен танысуға мүмкіндік беруге міндетті»³⁶.



Дереккөз: freepik.com

³⁵ Қырғыз Республикасының Конституциясы <http://cbd.minjust.gov.kg/act/view/ru-ru/202913>

³⁶ Тәжікстан Республикасының Конституциясы <https://adliya.tj/ru/constitution>

«Ақпаратқа қол жеткізу құқығы туралы» Тәжікстан Республикасының 2008 жылғы 18 маусымдағы №411 Заңының 14-бабының 1-тармағына сәйкес» мемлекеттік құпия туралы заңнамада және мемлекеттік мүдделерді қорғау саласындағы қатынастарды реттейтін өзге де нормативтік-құқықтық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда, келесідей мәліметтерден құралған ақпарат берілмейді:

- мемлекеттік немесе қызметтік құпияны құрайтын мәліметтер;
- егер қолданыстағы заңдарда өзгеше көзделмесе, басқа адамның келісімінсіз оның жеке өмірі туралы ақпараттар (дербес деректер);
- заңда белгіленген тәртіппен жедел-ізвестіру және тергеу қызметін жүзеге асыру туралы ақпараттар;
- бұл мәліметтерді жария етуге заңмен тыйым салынған немесе адамның ісін сотпен объективті қарау құқығын бұзуы, азаматтардың өміріне немесе денсаулығына қатер төндіруі мүмкін жағдайларда, азаматтық және қылмыстық істерді және әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі материалдарды сотта қарау туралы мәліметтер;
- заңмен шектелген мәліметтер

Егер құжатта осы бапта аталған мәліметтер болса, онда көрсетілген мәліметтерді атамай, құжаттың бір бөлігі ғана таныстырылады, түсіндіріледі және көшірмесі беріледі. ³⁷

Украина Конституциясының 34бабында әркімге ой мен сөз бостандығына, өз көзқарастары мен сенімдерін еркін білдіруге кепілдік беріледі деп бекітілген. Әркімнің өз қалауы бойынша ақпаратты еркін жинауға, сақтауға, пайдалануға және ауызша, жазбаша не өзге де тәсілмен таратуға құқығы бар.



Дереккөз: freepik.com

³⁷ Тәжікстан Республикасының 18 маусым 2008 жылғы № 411 «Ақпаратқа қол жеткізу құқығы туралы» Заңы <https://medt.tj/documents/main/normativno-pravovie-akti/zakonodatelnie-akti/ru/02513-ru.pdf>

Бұл құқықтардың жүзеге асырылуы Ұлттық қауіпсіздік, аумақтық тұтастық немесе қоғамдық тәртіп мүдделері үшін, тәртіпсіздіктер мен қылмыстардың алдын алу, халықтың денсаулығын сақтау, басқа адамдардың беделін немесе құқықтарын қорғау, құпия түрде алынған ақпараттың жариялануын болдырмау немесе сот төрелігінің беделі мен бейтараптығын сақтау үшін заңмен шектелуі мүмкін³⁸.

УКРАИНАНЫҢ 13 ЖЫЛҒЫ 2011 ҚАҢТАРДАҒЫ «ЖАРИЯ АҚПАРАТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНЫҢ 6-БАБЫНЫҢ 1-ТАРМАҒЫНА СӘЙКЕС «ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ШЕКТЕЛГЕН АҚПАРАТҚА» МЫНАЛАР ЖАТАДЫ:

- құпия ақпарат (президент заңмен бекіткен);
- құпия ақпарат (шаруашылық субъект өзі бекіткен);
- қызметтік ақпарат.

Заңның 6-бабының 2-тармағына сәйкес «ақпаратқа қол жеткізуді шектеу заңға сәйкес мынадай шарттардың жиынтығы сақталған кезде жүзеге асырылады:

- тәртіпсіздіктердің немесе қылмыстардың алдын алу мақсатында, халықтың денсаулығын сақтау, басқа адамдардың беделін немесе құқықтарын қорғау, құпия түрде алынған ақпараттың жария етілуіне жол бермеу немесе сот төрелігінің беделі мен бейтараптығын қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық қауіпсіздік, аумақтық тұтастық немесе қоғамдық тәртіп мүдделері үшін ғана;
- ақпаратты жариялау бұл мүдделерге айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін;
- мұндай ақпаратты жариялаудан болатын залал қоғамдық мүддеден жоғары болады».³⁹

Осылайша, сұратылып отырған ақпарат бюджет қаражатын пайдаланудың ашықтығына қатысты болса да, бұрынғы Кеңес Одағы елдерінің заңнамасы қызметтік пайдалану немесе коммерциялық құпияны сақтау деген сылтаумен ақпаратқа қол жеткізуді шектеу мүмкін.

³⁸ Тәжікстан Республикасының 18 маусым 2008 жылғы № 411 «Ақпаратқа қол жеткізу құқығы туралы» Заңы <https://medt.tj/documents/main/normativno-pravovie-akti/zakonodatelnie-akti/ru/02513-ru.pdf>

³⁹ Украина Конституциясы <https://meget.kiev.ua/zakon/konstitutsia-ukraini/>

ҚОРЫТЫНДЫЛАР

1. Қазақстан Республикасында мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу **тәртібі** заң деңгейінде реттелмеген, ҚР үкіметіне берілген.

Заңды техниканың мұндай әдісі қолданыстағы ҚР «Әкімшілік процедуралар туралы» заңмен де, 2021 жылдың 1 шілдесінде күшіне енетін ҚР Әкімшілік процестік кодекспен де қолданылады.

2. «Мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және олармен жұмыс ережелерінің» 7 тармағы:

2.1. **мемлекеттік орган жетекшісіне** қызметтік ақпарат бар құжаттарға, істерге және басылымдарға **«ҚБПҮ» тәртібін бекіту** құқығын береді;

2.2. **аталған процедурасының орындаушы мен құжатқа қол қойған адам арасында өткізілетінін белгілейді.** Демек, мемлекеттік органның лауазымды тұлғаларына бұл мәселені реттеуге кең құзырет береді;

2.3. **қызметтік пайдалануға арналған мәліметтер тізімін жасау критерийлерін реттейді.** Олардың бірқатарында түсіндіру барысында қызметтік тұлғалар тарапынан **сыбайлас жемқорлық және асыра пайдалану тәуекелдері** болады.

3. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс сомасын алғаны және осындай тапсырыс алған субъект туралы ақпаратты құпияландыру коммерциялық құпия деп бағалануы мүмкін емес, өйткені, қызметтік пайдалануға арналған ақпараттарды құрайтын мәліметтерді («жариялануы немесе таратылуы жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін бұзатын мәліметтер») Азаматтық және Кәсіпкерлік кодекстермен реттелетін коммерциялық құпия санатына жатқызу **негізсіз.**

4. «Әкімшілік процедуралар туралы» Заңның Үкіметтің таратылуы мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу ережесін бекітеді деген сілтеме ережесі ақпаратқа еркін қол жеткізуге жауапты лауазымды тұлғалардың «ҚБПҮ» ақпаратына жатқызуға әкеп соғады. **Лауазымды тұлғалар** өздеріне берілген құзырет шегінде **ақпаратқа еркін қол жеткізуге залалын келтіре отырып пайдаланады немесе осы құқықты шектейді.**

ҰСЫНЫСТАР:

1. 2021 жылдың 1 қарашасында күшіне енетін ҚР Әкімшілік процедуралық-процестік кодексінен Қазақстан Республикасы Үкіметіне мәліметтерді және онымен істелетін жұмысты таралуы шектеулі қызметтік ақпаратқа жатқызуға мүмкіндік беретін ережені алып тастау.
2. ҚР Әкімшілік процедуралық-процестік кодексіндегі таратылуы шектелген мәліметтерді қызметтік ақпаратқа жатқызу және солармен жұмыс істеуді, яғни **аталған тәртіпті заң шығару актісі деңгейінде реттеу.**
3. Мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және сонымен жұмыс істеу критерийлерін өзге заңмен қорғалған ақпараттарға (коммерциялық, банктік, жеке, отбасылық және өзге құпиялар) жатқызуды заң шығару деңгейінде алып тастау.
4. ҚР Әкімшілік процедуралық-процестік кодекстен **мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс алу және осындай тапсырыс алған субъект туралы ақпаратты құпияландыру мүмкіндігін беретін норманы алып тастау.**
5. Мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу процедурасын реттеу барысында **мүдделер қақтығысы, сыбайлас жемқорлық және асыра пайдалануға жол беретін нормаларды алып тастау;**
 - мемлекеттік орган **жетекшісі** қызметтік ақпараты бар құжаттарға, істер мен басылымдарға **«ҚБПҮ» тәртібін белгілейді.**
 - бұл **процедура** орындаушы мен құжатқа қол қойған адам арасында **жүргізіледі**, мемлекеттік органның лауазымды тұлғасына аталған мәеле бойынша кең құзырет беріледі;
 - қызметтік пайдалануға арналған мәліметтерді әзірлеу **критерийлері қызметтік тұлғалар тарапынан кеңінен түсіндіру мен қолданыу мүмкіндігіне ие болады.**

Ғабдуалиев Мереке Тілеқұлы,
заң ғылымдарының кандидаты

